

## Жас ұстаздың кәсіби салада жетілу үрдісі

Болтекбаев Нуржан Мухтарович  
Өскемен қаласы әкімдігінің "№27 орта мектебі" КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білуі. Педагогикалық шеберлікпен педагогикалық өнер-ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады.

В.А.Сухомлинский

Заман ағысына сай біліммен қаруланған, ой өрісі жоғары, зерделі, жан жақты дамыған маман-уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп, шаңырақ көтерген егемен елімізді, өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал, сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы-ұстаз тұрады.

Қазіргі заман мұғалімінің тек өз пәнінің терең білгірі болуы ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде, жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген педагог болуы керек. Осы орайда, еңбек өтілі аз мектепке келген жас ұстаздың кәсіби еңбек жолдарында көп нәрсені түсініп, көріп білуі біраз уақытты талап етері сөзсіз.

Жаңадан келген жас мұғалім мына талаптарды орындай білуі керек:

- Оқу үрдісін жүйелі жүргізу
- Оқушылардың білімділік талаптарына тиімді жауап беру
- Бөлімдік және қорытынды бағалауды жүзеге асыру
- Ұжыммен жұмыс жасау
- Өзінің кәсіби біліктілігін бағалау және арттыру мақсатында жоспар құру
- Мұғалімнің өзін өзі жетілдіруі

Профессионализм-ол тек маманның өз мамандығын жақсы меңгеруімен қатар, оны білім беру үрдісінде тиімді пайдалана білуі, және кәсіби жолында жоғарғы нәтижелер көрсетуі болып табылатын, кең тараған ұғым.

Мен өз тәжірибиеме сүйеніп, жас мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі ретінде Жас ұстаз өзінің кәсіби біліктілігін бағалау және арттыру мақсатында жоспар құрып, сол жоспарда нақты атқарылатын іс шараларды жыл көлемінде айқындап алуы маңызды деп ойлаймын. Осы орайда мен алғашқы еңбек жолымдағы «жоспарымды» үлгі ретінде ұсынғып отырмын.

Менің бұл жоспарым «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың жоспары» негізінде құрылғанын атап өткім келеді

Мақсаты:

Педагогикалық құзыреттілік деңгейін жоғарлату, кәсіптік біліктілікті дамыту, қазақ тілі мен әдебиеті сабағына қолданылатын жаңа технологияның замануи әдіс-тәсілдерін меңгеру, Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту

Міндеттері:

- Жеке тұлғаға сапалы білім беру мақсатында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыру, сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жетілдіру.

- Сабақта «жаңа технологияның» әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру, оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге күштарлығын ояту, сонымен қатар оқытудың өнімді, тиімді әдісі мен әрекетін қолдана отырып, ізденіс қызметін оқушымен бірге ұйымдастырудың жол-жобасын бағдарлай алып, оны сабақта сынап, түзетіп, көздеген мақсатқа – межеге, нәтижеге жету.

- Ата-ана мен мұғалім арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастыру арқылы педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдерін жетілдіру

- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша, жыл көлемінде жүйелі жұмыс жүргізу барысында, мен өзімнің кәсіби біліктілігімді жетілдіре аламын деген сенімдемін. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр»-деген болатын. Сондықтан қиында қызықты бұл мамандыққа келген жас ұстаздарға осы мақаланың септігі тиер деп үміттенемін. Ұстазға жүктелген ауыр міндетті абыроймен атқара білейік.

Жоспар барысында мен екі міндетті басшылыққа ала отырып жасадым:

№	Іс-шаралар тізімі	индикаторлары	мерзімі	мұғалім
<b>1-міндет. Педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту</b>				
1	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білім көтеру курстарынан өту, Жаңартылған оқу бағдарламасымен сабақ жүргізу әдістерін және методикасын үйренуге арналған курстардан өту	Облыс көлеміндегі жаңа педагогикалық іс-тәжірибемен танысу, Сапалы білім берудің үздік әдіс тәсілдерін тиімді қолдануды меңгеру, Қазақ тілі әдебиеті пәні бойынша сабақ жүргізу деңгейімен сапасын арттыру		
2	Білім беру жүйесіне еңгізілген сандық инфрокұрылымдарды меңгеру, АКТ және басқада жаңа технологиялардың түрлерімен танысу, және оларды қолдануды жетілдіру; SMART технологиясын пайдаланып оқыту: -интербелсенді тақта; -мультимедиа; -ғаламтор кеңістігі; -электронды оқулық; - смартфон;	Goformative, zipgrade, pliccors, kahoot сынды әртүрлі сандық бағдарламаларды өз сабағымда тиімді қолдану; Smk.edu.kz, Bilimland.kz сынды тағы басқа ақпараттық сайттарды сабаққа тиімді пайдалану; Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында smart технологиясы арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге жағдай жасау.		
3	Мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруі (әртүрлі деңгейлерде өткізілетін кәсіби байқаулар мен олимпиадаларға, конференцияларға т.б қатысу, басылымдарға мақала беру); Жаңаша оқытудың негізгі түрлерін меңгеру	1) - шебер сынып; - іс-тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар; - біліктілікті жетілдіру курсы; - ашық сабақтарға қатысу; - газеттер, журналдар; - әдебиет (әдістемелік, ғылыми, көркем); - интернет.		
<b>2-міндет. Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалау жүйесін жетілдіру</b>				
1	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ жүргізу сапасын арттыру.	1)Оқушының сабаққа ынтасын көтеру мақсатында әр түрлі тиімді тәсілдерді пайдалану 2)Оқу үрдісінде жаңа технологияның тиімді әдістерін қолдану және оқушыларға үйрету		
2	Қашықтан білім беру,сандық білім беру ресурстарын, бұқаралық ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын сабақтарда қолдану	Google Classroom, Zoom, Telegram, сынды платформалар мен бағдаламаларды меңгеру арқылы онлайн, видеосабақтар жүргізу;		

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. -А.: 2007.
2. Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008

3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. М.: Народное образование, 1998.